



2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА БАЛАБАҚШАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТІ, КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде балалардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету.

Міндеттері:

1. Балалардың өмірін сақтау, денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру;
2. Білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту
3. Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие мен оқыту сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету
4. Өзара әріптестік іс-қимыл орнату арқылы ата-аналардың білім беру қызметтеріне қанағаттануын қамтамасыз ету

2023-2024 оқу жылының міндеті:

Сурет салу арқылы баланың бойындағы эстетикалық сезімін және шығармашылық қабілетін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Мектепке дейінгі ұйым деңгейінде:

1. мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені сау, дербес, білуге құмар, тіл табысқыш, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға;
2. білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалануға;
3. қазіргі жағдайда жұмыс істеуге қажетті құзыреттерді дамытуға;
4. көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.